КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 сәуір №5265-24-00-2/699 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – ММ)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Нургали Мархабаевич Карабаев (әрі қарай- ЖК Н.Карабаев)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Нургали Мархабаевич Карабаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Нургали Мархабаевич Карабаевтан (ЖСН 860 112 351 587) мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл 662,8 (алты жүз алпыс екі теңге сегіз тиын) теңге, мемлекеттік баж салығы 1 866 (бір мың сегіз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 27.05.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Ж.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 27.05.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»